

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық казак-түрік  
университетінің ректор өкілі  
Ж.Томар  
«27» 04 2022 ж.

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық казак-түрік  
университетінің ректоры  
Ж.Темирбекова  
04 2022ж.



**САПА МЕНЕДЖМЕНТИНІҢ ЖҮЙЕСІ**  
**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**  
**УЕ-ХҚТУ-100-2022**


**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БАҒАЛАНАТЫН ЖАЗБАША  
 ЖҰМЫСТАРЫНДА, ПОҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ  
 ЕҢБЕКТЕРІНДЕ МӘТІНДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ТЕКСЕРУ  
 ЕРЕЖЕСІ**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Академиялық департамент және Ғылым департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ  
ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
  - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
  - Академиялық департамент директорының орынбасары Мурат Келеш
  - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев
  - Ғылым департаментінің директоры Х.Масадыков
  - Ғылыми зерттеу бөлімінің басшысы А.Балтабаева
2. Әзірлегендер
  - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
  - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
  - Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрганбаев
  - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
  - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
3. Келісілді
  - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
  - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
  - Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрганбаев
  - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
  - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. Енгізілді – 2022 жыл
5. Тексеру мерзімі – 2024 жыл

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

Түркістан, 2022



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-100-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу- әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 2-ші беті</b>

## МАЗМУНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	4
4	Жауапкершілік және өкілдегітер	5
5	Жұмыстарды жүктей рәсімі	6
6	Плагиаттың болуына жұмыстарды бағалау әдіснамасы	7
7	Білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстарын бағалау	8
8	Апелляция	10
9	Өзгерістер енгізу тәртібі	10
10	Келісу, сақтау және тарату	10
11	Қосымшалар	12

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-100-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оку-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 3-ші беті</b>

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оку-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру туралы осы ереже Білім беру қызметінің сапасын одан әрі дамыту және жетілдіру және ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университеттінде) білім алушылардың жауаптылығы мен дербес талдамалық жұмысқа әзірлік дәрежесін арттыру мақсатында енгізіледі.

1.2 Осы ереже Білім алушылардың академиялық жұмысында және ПОҚ оку-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде адалдық пен өзара құрметтеуді қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету талаптарын жүзеге асыру кезінде негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережелері университеттің білім беру бағдарламаларын іске асyrатын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ-ХҚТУ-100-2022 Университет ережесі Ахмет Ясауи университетінің сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Университеттің осы ережесінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен);

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазанды № 595 бүйрыймен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).

- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бүйрый (толықтырулар мен өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бүйрыймен бекітілген.

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің Жарғысы.

- Академиялық саясат.

- КП - ХҚТУ - 7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарда басқару.

## 3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай негізгі талаптар мен анықтамалар пайдаланылады:

3.1 **Плагиат** (plagiat, plagiarism) - бөтен туындыға авторлық құқықты қасақана иемдену.

3.2 **Парафраз** – мағынаны өзгертусіз сөйлемдерді және пікірлерді синонимдік ауыстырумен бөтен мәтінді пайдалану.

3.3 **Дипломдық жұмыстағы/жобадағы, магистрлік/докторлық диссертациядағы, мақаладағы Плагиат** – бұл дереккөздерге толық сілтеме жасамай және өзге материалдарды тырнақшага немесе өзге де графикалық және синтаксистік бөліп көрсетуге салмай, қағаз немесе электрондық түрде жарияланған басқа мәтіндерден үзінділер алу.

3.4 **StrikePlagiarism.com** (бұдан әрі – жүйе)-бітіру жұмыстарының (дипломдық жұмыстардың/жобалардың, магистрлік/докторлық диссертациялардың) бірегейлігін тексеруге мүмкіндік беретін плагиатқа қарсы интернет-жүйе.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-100-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оку-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 4-ші беті</b>

**3.5 Дабыл** – бұл тексерілетін құжатта басқа тілдердің алфавиттерінен таңбалардың болуын көрсететін Үқастық есебіндегі хабарлама. Дабыл функциясы жетекшінің назарын көрсетілген белгілерді қолданудың негізділігіне аударады, олардың болуы Үқастық есебінде коэффициенттерді бұрмалау әрекетін көрсетуі мүмкін.

Дабыл сигналы бар құжаттар құжаттар тізімінде сары түспен ерекшеленеді, ал тиісті ұқсас есептерде леп белгісімен белгіленеді.

**3.6 Үқастық есебі** – бұл тексерілетін құжатта табылған бөтен мәтінді көшіріп пайдалану туралы ақпаратты қамтитын жүйе жасаған құжат.

**3.7 № 1 Үқастық коэффициенті (ҮК1)** – белгілі бір дереккөздерден (университеттің дерекқоры, басқа университеттердің дерекқоры және Интернет-ресурс) табылған кем дегенде 5 сөзден тұратын бөтен мәтінді көшіріп пайдалану деңгейін анықтайтын, **мән** (пайызбен көрсетілген).

**3.8 № 2 Үқастық коэффициенті (ҮК2)** – белгілі бір дереккөздерден (университеттің дерекқоры, дерекқормен алмасу бағдарламасына қатысатын университеттердің дерекқоры және интернет-ресурс) 25 сөзден кем емес–бөтен мәтінді көшіріп пайдалану деңгейін анықтайтын пайыздық **мән**.

**3.9 Автор** – бакалавриат немесе магистратура немесе докторантурда бағдарламасы бойынша білім алушы, ол орындаған жұмысын жүйеде тексеруге ұсынады.

**3.10 Оператор** – бітіруші жұмыстардың жүйеге жүктелуіне жауапты факультет қызметкері.

**3.11 Бөлімше (факультет) әкімшісі** - .университет тарапынан вице-ректордың әкімімен бекітілген жауапты тұлға.

**3.12 Жүйе провайдері** – мәтінді көшіріп пайдалану пайызын анықтайтын қызметтерді жеткізуіші компания.

**3.13 Жоба** – негізгі мақсаты теориялық және эксперименттік зерттеулердің біліктепі мен дағдыларын дамыту болып табылатын оқытушының жетекшілігімен білім алушы өз бетінше орындастырылған аралық аттестаттауды қорытынды бақылау нысаны. Жоба аралық аттестаттау кезінде көшілік алдында қорғалады.

**3.14 Дипломдық жұмыс / жоба** – бітіруші біліктілік жұмысының бір түрі. Бакалаврларды даярлау бағдарламалары бойынша оқытуын студенттердің соңғы, бітіруші курста орындастырылған өзіндік шығармашылық жұмысы.

**3.15 Оқулық** – оқу пәнін, оның бөлімін, оқу бағдарламасына сәйкес келетін бөлігін жүйелі түрде баяндайтын және басылымның осы түрі ретінде ресми бекітілген оқу басылымы.

**3.16 Оқу құралы** – оқулықты ішінәра алмастыратын немесе толықтыратын және басылымның осы түрі ретінде ресми бекітілген оқу-теориялық басылым.

**3.17 Оқу-әдістемелік құрал** – оқу пәні (немесе оның бөлімі) бойынша теориялық мәліметтерді, сондай-ақ оны өз бетінше зерделеу және практикалық игеру әдістемесі бойынша материалдарды қамтитын оқу-әдістемелік басылым.

**3.18 ББЖ** – бұл белгілі бір тақырыптың шенберінде жүргізілетін ғылыми сипаттағы зерттеу болып табылатын бітірушінің біліктілік жұмысы. ББЖ-ға дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар), докторлық диссертациялар жатады.

**3.19 Монография** – белгілі бір тақырыпты терең зерттеуге арналған және тақырып бойынша қолда бар ақпаратты, жаңа идеяларды, тұжырымдамаларды, әзірлемелерді талдауды қамтитын тар мамандандырудың ғылыми жұмысы.

**3.20 Ғылыми мақала** – бұл ғылыми әдісті қолдану арқылы туындаған кез-келген мәселені логикалық түрде аяқталған зерттеу.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-100-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 5-ші беті</b>

**3.21 Ғылыми еңбектер, жинактар** – әр түрлі авторлардың бір немесе бірнеше мәселелерге (тақырыптарға) арналған зерттеу нәтижелеріне арналған ғылыми жұмыс.

**3.22 Магистратураның ғылыми-зерттеу/ эксперименттік зерттеу жұмысы** (бұдан әрі – МҒЗЖ/ӘҒЗЖ) магистратураның БББ міндетті құрамдас бөлігі болып табылады, ол ғылыми жетекшінің жетекшілігімен орындалады.

**3.23 Докторантуралың білім беру бағдарламасының ғылыми бөлімі ғылыми-зерттеу** (бұдан әрі – ДҒЗЖ) немесе эксперименттік зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ЭҒЗЖ) жұмысынан, ғылыми жарияланымдарынан, докторлық диссертацияны жазып, қорғауынан құралады.

**3.24 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы** (СҒЗЖ) жалпы білім беру процесінің бөлігі болып табылады және барлық оқытылатын пәндер мен оқу сабактарының мазмұнына енгізіледі. Алған білімдерін практикада қолдануға дайындығын қалыптастыруға бағытталған оқу процесінің ажырамас және маңызды бөлігі болып табылады (Жобалар, ғылыми жұмыстар; ғылыми баяндамалар, эсселер және т. б.).

**3.25 ПОҚ – Оқытушы-профессорлар құрамы.**

**3.26 Ереже** - Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ОПҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі.

#### **4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТИКТЕР**

**4.1 Ереже университет Сенатының отырысында бекітіледі.**

**4.2 Бекітілген ереженің "тәнису парагына" қол қойдыру, факультеттерде пайдаланушылардың назарына жеткізу жауапкершілігі факультет декандарына жүктеледі.**

**4.3 Осы Ереженің талаптарын нормативтік құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкес келтіру үшін жауапкершілік департамент басшысына жүктеледі.**

**4.4 ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару**" Процедурасына сәйкес Басқару үшін жауапкершілік құрылым басшыларына жүктеледі.

**4.5 Жүйені әкімшілендіруге жауаптылар StrikePlagiarism.com білім алушылар мен ғылыми жетекшілерге (Консультанттарға) арналған есептік жазбалар мен парольдерді жасау Ғылым департаменті және Академиялық департамет директорларының, факультет декандарының ұсынысы бойынша ғылым және стратегиялық жоспарлау жөніндегі вице-ректордың өкімімен бекітіледі.**

**4.6 Білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстарын тексеру үшін жүйені пайдалану тек білім алушыларға, Ахмет Ясауи университетінің қызметкерлеріне ғана рұқсат етіледі.**

**4.7. Автор жұмыстағы плагиат үшін және осы Ережеде белгіленген мерзімде өз жұмысының уақтылы тексерілуі үшін жауап береді.**

**4.8 Жүйеде білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстарын тексеру процестерінің жүзеге асырылуын бақылауды және үйлестіруді ғылым департаменті жүзеге асырады.**

#### **5 ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮКТЕУ РӨСІМІ**

**5.1 ББЖ тақырыбы мен ғылыми жетекшілері бұйрықпен бекітілгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде кадр даярлаушы кафедралар 1 қосымшадағы үлгіге сәйкес пайдаланушыларды жүйеге тіркеу үшін әкімші-операторға мәліметті ұсынады.**

**5.2 Пайдаланушылар StrikePlagiarism.com жүйесіне кірге, электрондық мекенжайға жіберілген хабарлама алғаннан кейін 24 сағат ішінде оны іске қосуға міндетті.**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-100-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оку- әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 6-ші беті</b>

5.2.1 StrikePlagiarism.com жүйесіне тексерілетін жұмыстарды енгізу ғылыми жетекшілер мен бөлімше әкімшілеріне жүктеледі.

5.2.2 Жұмыс жүйеге DOCX форматында жүктелуі керек. **Жұмыстарды басқа форматтарда жүктеуге қатаң тыйым салынады. Бұл ережені бұзыу университеттің Академиялық адалдық кодексін бұзумен теңестіріледі.**

5.2.3 МФЗЖ/ДФЗЖ жүктеу ғылыми семинардың вице-ректор бекіткен кесте бойынша еткізу күнінен **5 (бес) күнтізбелік күн** бұрын тексеру аяқталады.

5.2.4 ББЖ (бакалавр және магистр) мәтінді пайдалануды тексеру академиялық қүнтізбеле сәйкес алдын ала қорғау рәсімінен кейін, ББЖ дайындау және рәсімдеу аптасында басталып, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін, **5 (бес) күнтізбелік күн** бұрын аяқталады.

5.2.5 Тексерілетін жұмыстардың басқа түрлері белгіленген жағдайда жүйеге енгізу тәртібі қосымша салалық Вице-ректордың өкімі негізінде анықталады.

5.2.6 ББЖ плалиатына жұмыстарды бағалау қорытынды аттестаттау басталғанға дейін **5 (бес) күнтізбелік күн** күн бұрын аяқталуы тиіс.

5.2.7 Плалиатқа тексерілгеннен кейін МФЗЖ/ДФЗЖ-ны бағалау бекітілген кестеге сәйкес ғылыми семинар күнінен **5 (бес) күнтізбелік күн** бұрын аяқталуы тиіс.

5.2.8 Осы мерзім бұзылған жағдайда жұмыс ғылыми жетекшінің (сарапшының) қарауына қабылданбайды. Жұмысты талдауға қабылдау университеттің этика кодексін бұзы болып табылады.

5.2.9 Білім алушы бағалау хаттамасында көрсетілген үқастық есебімен, ғылыми жетекші (сарапшы) қалдырған түсініктемелер тізімімен және сол арқылы ғылыми жетекшінің (сарапшының) шешімімен танысуға мүмкіндік алады.

5.2.10 Жүйе үқастықтың есептерін жүйе тарапынан талдау аяқталғаннан кейін бірден бағалаушы тұлғаның корпоративтік электронды поштасына жібереді.

5.2.11 Білім алушыға 1 (бір) түзету әрекеті беріледі, осылайша өз жұмысын тексеруге 2 (екі) рет жүктеу мүмкіндігі беріледі.

5.2.13 Жұмыс түзетілгеннен кейін StrikePlagiarism.com жүйесіне қайта жүктелуі керек.

5.2.14 Сарапшыға немесе ғылыми жетекшіге жұмысты талдау, түсініктеме қосу және шешім қабылдау үшін 3 (үш) жұмыс күніне дейін уақыт беріледі .

5.2.15 Сарапшы немесе ғылыми жетекші 3 (үш) шешімнің біреуін тандауы мүмкін:

- **Жұмысты қабылдау;**
- **Түзетуге қайтару;**
- **Дисквалификациялау.**
- "Қабылдау және аяқтау" опциясын таңдағанда, плалиатты тексеру аяқталады және жұмыс автоматты түрде дерекқорға жүктеледі.
- Жұмыс түзетуге қайтарылуы мүмкін. Бұл жағдайда жұмыс "түзетуге қайтарылды" мәртебесіне ауысады және дерекқорға қосылмайды.
- "Жұмысты дисквалификация" опциясын таңдау кезінде ғылыми жетекші (сарапшы) жоғарыда көрсетілген шарттардың бұзылуы себебінен жұмысты қабылдамайды. Бұл жағдайда жұмыс "дисквалификацияланған" мәртебесіне ауысады және дерекқорға қосылмайды.

5.2.16 Сарапшы немесе ғылыми жетекші таңдаған шешімді арнайы ұяшықта негіздеуі керек.

5.2.17 Жұмысты қабылдағаннан кейін "**Қабылдау және Аяқтау**" түймесін басу арқылы жүйе оны дерекқорға дербес қосады. Бұл тексеру процесін аяқтайды.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-100-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 7-ші беті</b>

**Ескерту: Жүйелік оператордың плагиатқа жұмысты бағалауга құқығы жок!**

## **6. ПЛАГИАТТЫҢ БОЛУЫНА ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ ӘДІСНАМАСЫ**

6.1 Плагиаттың болмауын қамтамасыз ету үшін кез-келген автордан алынған әр мәтін үзіндісінде авторға сілтеме болуы керек және әдебиеттер тізімінде көрсетілуі керек.

6.2 Өздігінен плагиаттың болмауын қамтамасыз ету үшін бұрын жарияланған өз шығармасынан алынған әрбір мәтіндік үзінді авторға сілтеме жасап, әдебиеттер тізімінде көрсетілуі керек.

6.3 Мәтінді басқарудың ықтимал әрекеттерінің болмауы – плагиатты (алаяқтықты) жасыру мақсатында мәтінде жасырын әрекеттер жасау болған жағдайда сарапшы (ғылыми жетекші) заңнама және ЖОО-ның ішкі рәсімдері шенберінде тиісті шаралар қабылдау үшін ЖОО-ның басшылығын хабардар етуге міндетті. Университет басшылығына мүндай фактілер туралы хабарламау алаяқтықты мақсатты түрде жасыру деп түсіндіріледі! Жүйенің мүмкін болатын техникалық ақауларына байланысты жасырын әрекеттер жасаудың әр жағдайын мүқият зерделеу керек, егер плагиатқа қарсы жүйенің провайдері алаяқтық фактісін растамаса, авторды алаяқтық үшін айыптауга болмайды.

- Сарапшы мен ғылыми жетекші мәтіндік фрагменттерді өзіндік цитаталар (мақаланы алып тастау) ретінде **қабылдай алмайды**, сол арқылы ғылыми жұмыстардағы ҮК1 және ҮК2 (ұқсастық деңгейі) көрсеткіштерінің жаңа мәнін өзгерте алмайды!

- Ұқсастық деңгейі қандай болса да, ол жұмыста плагиаттың болуы туралы **айтпайды!** Осылайша, сарапшы (ғылыми жетекші) табылған **әрбір** дереккөзді авторға **сілтеме** жасау және әдебиеттер тізімінде көріну үшін **мүқият тексеруі** керек.

6.4 Әрбір пайдаланылған **авторлық** үзінді өз түсінігімен (парафраза) қайта жазылуы керек. Авторлық жұмыс деп санауға болмайтын заңнамалық актілерден алынған үзінділер, фольклор, әдіснамалық сипаттама және басқа да мәтіндік фрагменттер парафраз жасау қажеттілігінен босатылады. Бұл фрагменттер рұқсат етілген ұқсастық деңгейіне сәйкес келуі керек.

6.5 Әрбір жағдайда, жүйе құжатты жүктеген пайдаланушыға ғылыми жетекші немесе сарапшы қалдырған түсініктемелермен танысу үшін электрондық хат, ұқсастық есебіне сілтеме және талдау хаттамасы бар хабарлама жібереді.

6.6 Талдау ХАТТАМАСЫІ жоғарыда аталған тармақтардың бірін тандаған кезде жүйе тарапынан автоматты түрде толтырылады (2-қосымша). Оны толтыру міндетті емес.

**Ескерту: Мәтінде жасырын әрекеттер анықталған жағдайда (әріптерді аудыстыру, аралықтар, шағын кеңістіктер, ақ белгілер және т.б.) білім алушыга екінші рет тексеру мүмкіндігі берілмейді (пункт 7.4) бұл жұмысты бағалаган ғылыми жетекшіге тәртіптік шара қолданылады!**

## **7. ЖАЗБАША БАҒАЛАНАТЫН ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ**

### **Плагиатқа ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстарды бағалау критерийі:**

7.1 Мақалалар мен жарияланымдар, сондай - ақ оқу - әдістемелік жұмыстар үшін шекті мән № 1 Ұқсастық коэффициентінің шекті мәндері: оқу - әдістемелік жұмыстар, ғылыми еңбектер мен жинақтар үшін - 40%, монографиялар үшін - 30%, мақалалар үшін - 25% болуы тиіс; конференция баяндамасы – 30, СF3Ж – 40; № 2 Ұқсастық коэффициентінің шекті мәндері: оқу-әдістемелік жұмыстар, ғылыми еңбектер мен жинақтар үшін - 10%,

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-100-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 8-ші беті</b>

монографиялар үшін - 10%, мақалалар үшін - 5% , конференция баяндамасы – 10, СФЗЖ – 10 болуы тиіс

**Плагиатқа білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстарын бағалау критерийі:**

7.2 Жобаны қорғау және ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының (магистрлік және докторлық) есептерін қорғау нысанында аралық аттестаттау кезеңіндегі қорытынды бақылау үшін № 1 Үқастық коэффициентінің шекті мәндері – 50%, дипломдық жұмыстар (жобалар) - 40%, магистрлік диссертациялар үшін – 30%, докторлық диссертациялар үшін – 15%.

7.3 Жобаны қорғау және ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы (магистрлік және докторлық) нысанындағы аралық аттестаттау кезеңіндегі қорытынды бақылау үшін № 2 Үқастық коэффициентінің шекті мәндері – 15%, дипломдық жұмыстар (жобалар) - 10%, магистрлік - 8% және докторлық диссертациялар үшін – 5%.

**7.4 Жұмыс түрлері бойынша университет есебінен тексеру:**

- бітірушінің біліктілік жұмыстары (бакалавриат, магистратура) – екі рет университет есебінен;
- аралық аттестаттау кезеңіндегі қорытынды бақылау жобаны қорғау нысанында – екі рет университет есебінен;
- докторлық диссертациялар – екі рет университет есебінен;
- магистрлік және докторлық ғылыми-зерттеу жұмысының есебі – екі рет университет есебінен;
- мақалалар мен жарияланымдар, оқу-әдістемелік жұмыстар - екі рет ЖОО тәнгерімі есебінен тексеріледі.

7.10 Жоба немесе қорытынды бақылау нысаны ретіндегі эссе тексерілгеннен кейін plagiarism жойылмаса немесе авторы әртүрлі себептерге байланысты белгіленген мерзімде plagiarism жоюға қабілетсіз болса жұмыс аралық аттестаттаудың осы кезеңінде қорғауга жіберілмейді, академиялық қарыз болып табылады. Ведомостқа "F" бағасына сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" бағасы қойылады, білім алушы қайтадан ақылы негізде осы оқу пәніне (модульге) жазылады, оқу сабактарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындауды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

7.11 Магистрлік және докторлық ғылыми-зерттеу жұмысы есебі тексергеннен кейін plagiarism жойылмаса немесе авторы әртүрлі себептерге байланысты plagiarism жоюға қабілетсіз болса, авторы оқу жоспарын орындаған болып саналады және университеттенн шығарылады. Авторды оқудан шығару туралы бүйрықты университет ректоры қорғауга жібермеу туралы ғылыми жетекші мен кафедра менгерушісінің үқастығын талдау хаттамалары негізінде шығарады.

7.12 Дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны тексерістен кейін plagiarism жойылмаса немесе жүйеде қайта тексеруден кейін plagiarism жоюға қабілетсіз болса, авторы оқу жоспарын орындаған болып саналады және университеттенн шығарылады. Авторды оқудан шығару туралы бүйрықты университет ректоры қорғауга жібермеу туралы ғылыми жетекші мен кафедра менгерушісінің үқастығын талдау хаттамалары негізінде шығарады.

<b>Қоңса Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-100-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оку- әдістемелік және ғылыми өндіріске мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 9-ші беті</b>

<b>Қоңса Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-100-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оку- әдістемелік және ғылыми өндіріске мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 10-ші беті</b>

## 8.АПЕЛЛЯЦИЯ

8.1 Жұмыс жөніндегі шешім жарияланғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде шешімнің нәтижесімен келіспеген жағдайда вице-ректорға апелляция беру құқығы беріледі. Егер шағым нысанын дұрыс толтырмаса, Апелляция ресми себептерге байланысты қабылданбауы мүмкін.

8.2 Вице-ректор алынған күжаттарға және қажет болған жағдайда жеке талдау негізінде түпкілікті шешім қабылдайды. Вице-ректор апелляция берілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жұмыс туралы шешім қабылдайды және жұмыстың коргауға рұксат етіле ме, қайта қараша қажет пе немесе плагиат орын ала ма және тәртіптік шаралар қабылдау қажет пе деген қабылдайды.

8.3 Апелляция тек бір рет берілуі мүмкін.

8.4 Тәртіптік рәсімдерге қатысты барлық жағдайларды жоғары оку орны жергілікті заңданамаға және университеттің ішкі рәсімдеріне сәйкес жүргізеді.

## 9. ӨЗГЕРІСТЕР ЕҢГІЗУ ТӘРТІПІ

9.1 Университеттің осы ережесіне өзгерістер енгізу КП-ХҚТУ-7.5.3-2020 «Күжатталған акпараттарды басқару» процедурасына сәйкес жүзеге асырылады.

9.2 СМЖ құжатындағы өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парагында» (Б қосымшасы) тіркелуі тиіс.

## 10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1. Осы Ережені талқылау және келісу университет Сенатының отырысында жүзеге асырылады және тиісті хаттамамен ресімделеді.

10.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық және Ғылым департаменті директорларына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Вице-ректорлар, факультет декандары, кафедра менгерушілері, оқытушы-профессорлар құрамы мен білімгерлер.

10.3 Осы университет ережесінің бакылау данасын Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

Келісілді

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Ғылым және стратегиялық даму  
вице-ректоры

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа  
орталығының басшысы

Зан белгілінің басшысы

Э. Идрисова

А. Ошибаева

А.Тұрғанбаев

Ж. Дәрібаев

Ғ.Мұсаханов

<i>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-100-2022</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оку- әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 10-ші беті</b>

Косымша 1

<i>Қожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-100-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу- әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</i>	<i>13 беттің 11-ші беті</i>

*Қосымша 2*

### **Бағалау хаттамасының үлгісі**

#### **1-қосымша (Электрондық хаттама)**

##### **Бағалау хаттамасы**

**Интернет жүйесі ұқастығының толық есебінің нәтижесімен танысқанымды растаймын Strikeplagiarism.com:**

Автор:

Бірлескен автор:

Мамандығы:

Жұмыс түрі:

Атауы:

Ғылыми жетекші:

Ұқастық Коэффициенті 1:

Ұқастық Коэффициенті 2:

КЦ:

Басқа алфавиттердің белгілері:

Микро пробелдар:

Интервалдар:

Ақ Белгілер:

Ұқастық есебін тексергеннен кейін келесі қорытынды жасалды:

- Жұмыста анықталған мәтінді пайдалану занды және плагиат емес. Ұқастық деңгейі рұқсат етілген шектен аспайды. Осылайша, жұмыс тәуелсіз және қабылданады.
  - Мәтінді пайдалану плагиат емес, бірақ ұқастық деңгейінің шекті мәнінен асып түседі. Осылайша, жұмыс қайта қарау үшін қайтарылады.
  - Жұмысты ҚР БФМ 595 бүйрекшіның 5-қосымшасының, ҚР Авторлық және сабактас құқықтар туралы Заңының, сондай-ақ Әдеп кодексі мен ресімдерінің талаптарына қайшы келетін етіп жасайтын плагиатты жасыру әрекеттері ретінде мәтінді пайдалану және плагиат немесе әдейі мәтіндік бұрмалау (манипуляциялар) анықталды. Осылайша, жұмыс қабылданбайды.
  - Негіздеме:
- .....  
.....  
.....  
.....  
.....

*Kүні*

*Сарапшының аты*

<i>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>YE-XKTU-100-2022</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу- әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 12-ші беті</b>

Ф-СМБ-004  
Қосымша А

## ТАНЫСУ ПАРАФЫ

<i>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-100-2022</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оку- әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі</b>	<b>13 беттің 13-ші беті</b>

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>UE-XKTU-100-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Білім алушылардың бағланатының жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу- әдістемелік және ғылыми еңбектеріндегі мәтінді пайдалануды тексеру- ережесі</i>	<i>13 беттін 13-ші беті</i>

Ф-СМБ-002  
Косымша Б

## **ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАГЫ**

№ Р/с	Өзгеріс енгізу туралы шешім		Парақ номірі		Кағаз саны	Өзгерістерді жүзеге асыратын тулға	
	Күжат	№ бүйрек	Өзгерілген	Ауыстырылған	Жата	Есептөн шығарылған	
1/1	Оқу-Дәстүрлелік №5 Кодифікт 22.12.2022 3:24 Халықаралық Конвенция 5.2.6. 6.6. 7.1 Холдинг №1	Балхаш	Оңтүстік Конынан 26.12.22 Мүшебекова А ЖК				